

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰЛТТЫҚ
ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

**ОЖСБ-НЫ ӨТКІЗУ КЕЗІНДЕГІ
МЕКТЕП БОЙЫНША ЖАУАПТЫНЫҢ
ІС-ӘРЕКЕТ ЖОСПАРЫ**

АСТАНА 2012

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2011-2012 оқу жылында оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) енгізілді.

ОЖСБ – бұл білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқу сапасына мониторинг жүргізу түрі.

Білім беру ұйымдарындағы ОЖСБ-ның мақсаттары:

1) білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеуді іске асыру;

2) оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;

3) білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру қызметтерінің сапасына салыстырмалы талдау жасау.

ОЖСБ оқушылардың негізгі орта білімнен кейін (9 (10) сыныптан кейін) оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау және білім беру қызметі сапасын бағалау мақсатында жүргізіледі.

2012 жылы ОЖСБ мектептерде іріктеліп жүргізіледі, тестілеуге мектептердің жалпы санының 10%-ға жуығы ғана қатысады. ОЖСБ аясында 9-сынып оқушылары төрт пәннен тест тапсырады. Тест тапсырмаларының жалпы саны – 80, оның ішінде әрбір пән бойынша - 20. Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді, олардың мазмұны аталған бағдарлама аясынан шықпайды. Тестілеуге 120 минут (2 сағат) беріледі.

2012 жылы ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде қағаз тасымалдағыштарда, сондай-ақ тәжірибе ретінде – компьютерлік тестілеу әдісімен де өткізіледі.

Компьютерлік тестілеуде технологияны сақтауды және аудиториядағы тәртіпті қамтамасыз етуді мектеп бойынша жауапты бақылайды.

Мектеп бойынша жауапты (компьютерлік сынып бойынша) Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында ОЖСБ-ны ұйымдастыру және өткізу Нұсқаулығында берілген қызметтер мен іс-әрекеттерін орындауы қажет.

Мектеп бойынша жауаптының іс-әрекеттері келесі кезеңдерден тұрады:

1) тестілеуге дейін;

2) тестілеу күні;

3) тестілеуден кейін.

Мектеп бойынша жауаптының іс-әрекеттері

№	Іс-әрекеттері	Уақыты	Ескерту
Тестілеуге дейін			
1	Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу пункттеріне (ҰБТӨП) келу. Бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша оқытудан өту	белгіленген мерзімде	- ОЖСБ-ны бағдарламалық қамтамасыз етумен жұмыс; - оқыту семинарларына қатысқаны туралы дәлел ҰБТӨП жетекшісінің қолымен расталады; - ОЖСБ бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша оқудан өтпегендер тестілеуді өткізуге жіберілмейді.
2	Ақпараттық анықтамалықты және нормативтік құқықтық актілерді алу	тестілеу қарсаңында	
3	«Мектеп (өтініш қабылдау)» АЖО және «Оператор» АЖО бағдарламалық қамтамасыз етуді алу және қондыру	белгіленген мерзімде	- «Мектеп (өтініш қабылдау)» АЖО мектептің бір компьютеріне қондырылады; - «Оператор» АЖО мектептің бір компьютеріне қондырылады
4	«Оператор» АЖО-ны толтыру	белгіленген мерзімде	бекітілген оқушылар тізімі мен компьютерлік сыныптар қоры «Оператор» АЖО-ға енгізіледі

№	Іс-әрекеттері	Уақыты	Ескерту
5	«Оператор» АЖО арқылы «Мектеп (өтініш қабылдау)» АЖО-ға тестіленушілердің деректерін жіберу	белгіленген мерзімде	
6	«Оқушылар» деректер базасын (ДБ) қалыптастыру	белгіленген мерзімде	«Оқушылар» ДБ «Мектеп (өтініш қабылдау)» АЖО арқылы қалыптастырылады
7	Оқушыларды лектерге бөлу	белгіленген мерзімде	лектер саны компьютерлік сыныптағы компьютерлер саны мен оқушылар санына байланысты болады
8	Деректерді ҰБТӨП-ке жіберу	белгіленген мерзімде	«Оқушылар» ДБ телекоммуникациялық желі немесе электрондық тасымалдағыштар арқылы жіберіледі
9	ҰБТӨП-ке келу. «Тестіленуші» АЖО, «Компьютерлік сынып» АЖО, «Мектеп (тестілеу)» АЖО-ны алу және қондыру	белгіленген мерзімде	- «Мектеп (тестілеу)» АЖО мектептің бір компьютеріне қондырылады; - «Компьютерлік сынып» АЖО компьютерлік сыныптың бір компьютеріне қондырылады; - «Тестіленуші» АЖО компьютерлік сынып қоры шегінде әрбір компьютерге қондырылады.
10	Аудиториялық тізімді қалыптастыру	тестілеуге бір күн қалғанда	басып шығару
11	Тестілеуге рұқсатнаманы басып шығару	тестілеуге бір күн қалғанда	оқушыларға тарату
12	Компьютерлік сынып техникасының жұмыс істеу қабілеттерін тексеру	тестілеуге бір күн қалғанда	
Тестілеу күні			
13	Тестілеуді өткізуге компьютерлік сыныптың дайындығын тексеру	тестілеу басталар алдында	
14	ҰБТӨП-тен лекті ашуға арналған парольді (тестілеу кодын) алу	тестілеу басталар алдында	
15	Оқушыларға түсіндіру	тестілеудің басында	түсіндіру: - компьютерлік сыныптағы оқушылардың тәртіп сақтау ережесін - «Тестілеу» АЖО-мен жұмыс жасау тәртібін
16	«Тестіленуші» АЖО-дан «Компьютерлік сынып» АЖО-ға ақпаратты жіберу	әрбір пән бойынша тестілеуден кейін	әрбір оқушының тестілеу нәтижелері желі немесе электрондық тасымалдағыш арқылы жіберіледі
17	Келесі пәнді тестілеуге файлды (аудиториялық тізімді) қалыптастыру және жіберу	әрбір пән бойынша тестілеуден кейін	аудиториялық тізім «Компьютерлік сынып» АЖО-дан «Тестіленуші» АЖО-ға жіберіледі
18	«Тестіленуші» АЖО-дан оқушылар жұмысының тәртібін бақылау	әрбір үзілістен кейін	
Тестілеуден кейін			
19	«Компьютерлік сынып» АЖО-дан «Мектеп (тестіленуші)»	әрбір лекті	

№	Іс-әрекеттері	Уақыты	Ескерту
	АЖО-ға тестілеу нәтижелерін жинақтау	тестілеуден кейін	
20	ҰБТӨП-ке мәліметтерді жіберу	мәліметтерді жинақтағаннан кейін	тестілеу нәтижелері «Мектеп (тестіленуші)» АЖО-дан «Оқушылар базасы (тестілеу)» АЖО-ға жіберіледі